

FinePower XD-020 ТВ-антеннасы

Құрметті сатып алушы!

«FinePower» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Теледидар антеннасы UHF-диапазонында цифрлық ТВ-сигналды қабылдауға арналған. Осы антенна активті болып табылады және электр желісіне қосу кезінде ең жоғарғы күшейту коэффициентіне ие.

Сақтық шаралары


- Құрылғыны -40°C бастап $+60^{\circ}\text{C}$ дейінгі температурада пайдалану, 60 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта.
- Ашық от, жағылған шам көзінің антеннасымен жанасуға тыйым салынады.
- Найзағай кезінде құрылғыға және оның кабеліне тиіспеңіз.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар оларды бақылайтын жағдайларды қоспағанда. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат етпеңіз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Барлық жалғағышты осы нұсқаулықта ұсынылған схемаға сәйкес қосыңыз.
- Әрқашан полюстер күйін сақтаңыз (+/-).

Цифрлық телевизия сигналдары DVB-T2 цифрлық стандартында беріліс болған жағдайда ғана қабылдануы мүмкін. Антеннаны пайдаланудан бұрын, сіздің аймақта (ауданда, облыста) цифрлық эфирлік хабар таратудың жүргізіліп жатқанына көз жеткізіңіз. Антеннаның электр қуат көзі қуат адаптерінен жүзеге асырылады.

Сигнал деңгейі жеткіліксіз болғанда, құрылғы кедергі аймағында, шекарада немесе телевизияның айқын сигналын тұрақты қабылдау аймағынан тыс болғанда, оның ішінде ландшафт, жергілікті жер және ондағы құрылыс ерекшеліктерінен туындаған, DVB-T2 цифрлық хабар тарату сигналының қанағаттандырмайтын сапасы құрылғының ақауы болып табылмайды.

Сигналды қабылдаудың жақсы сапасын қамтамасыз ету үшін антеннаны орналастырудың келесі талаптары қадағалануы керек:

1. Кондиционерлер, лифттер, кептіргіштер, қысқа толқынды пештер, электр плиталары және т.б. сияқты тұтынушылық қуаты үлкен құрылғылардан жеткілікті алшақ болуы.
2. Антенна көршілес құрылыстармен және жергілікті жердің ландшафтынан туындайтын кедергіні тудыру ықтималдығын азайту үшін барынша жоғары биіктікте орнатылған.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Қуат көзі мен антенна арасында тікелей қосылыс болу керек. Қосымша сплиттерлер, күшейткіштер және т.б. қосылған жағдайда бұл қосу схемасы жұмыс істемейі мүмкін.

Жиынтық

Антенна, AC-адаптер, коннекторлар жиынтығы, пайдаланушы нұсқаулығы.

Ықтимал проблемалар мен олардың шешімдері

Проблема	Шешімі
Сигнал жоқ.	Сіздің өңіріңіздің аумағында DVB-T2 стандартында цифрлық ТВ хабар тарататынына және сигнал сенімді қабылданатын аймақта орналасқаныңызға көз жеткізіңіз.
Сурет қатып қалады, шашыраңқы / Сурет жоқ / Дыбыс жоғалады / Дыбысы жоқ	<ul style="list-style-type: none"> • Сигнал деңгейі төмен. Қабылданатын сигнал деңгейі мен сапасы жоғары болу үшін антеннаның орнын ауыстыру немесе қайта бағдарлап көріңіз. • Антеннаға қуат көзінің берілетінін тексеріңіз (жиынтықтан қуат көзінің адаптерін пайдаланыңыз).

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында -40 °С бастап +60 °С дейінгі температурада жүргізілуі тиіс. Тұрғын-жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: XD-020.
- Жиілік диапазоны: 470-862 МГц.
- Арналар: 21-69.
- Толқын кедергісі: 75 Ом.
- Күшейту коэффициенті, макс.: 20 дБ.
- Коннектор түрі: F.
- Антеннаны орналастыру: сыртқы.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: ЧЖЭНЬЦЗЯН ВИН ЭЛЕКТРОН КО., ЛТД.

Жули тас жолы, Нью Индастри, Чжэньцзян қ., Цзянсу пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Адрес электронной почты / электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Өнім және оның жиынтығы мен функционалы туралы ерекшелік пен ақпарат пайдаланушыны алдын ала хабарландырусыз өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.6

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 60 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына адрес бойынша:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

